

**АТА-БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ ДАНАЛЫҒЫ - ОТБАСЫЛЫҚ ДӘСТҮРДЕ.
«ӘЖЕЛЕР МЕКТЕБІ»
Даулетова Д.О.**

Әке көрген, оқ жонар,
Ана көрген тон пішер.
қазақ мақалы

Жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес. Қазір де солай. Арғы ата-бабаларымыз жас өренді елін, жерін сүйеге үндеп, ұлттық салт-дәстүрмен сусындатуды мұрат тұтқан. Сол рухани үндеу бүгінгі күнге жеткізді. Жаңа ғасырлардың белесінде өзінің 20 жылдан асқан тарихында қазақ елінің патриоттардың мекеніне айналуы өзгеге үлгі, өзімізге демеу. Елбасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясында жаңа қазақстандық патриотизм туралы айтылған болатын. Ұлт Көшбасшысы Н. Назарбаевтың «.. патриот – ол Қазақстанды шын сүйетін, ұлттық құндылықтарды қастерлейтін, бойында адалдық, ар-намыс, ізгілік қасиеттері бар, халқының дәстүрі мен Отанына деген сүйіспеншілігі мол адам» деген сөзін бүгінгі жастар естен шығармауы керек. Бойында намыс оты ойнаған, ұлт тәрбиесін сіңірген, иманды да инабатты, тәрбиелі, ана тілін ардақтаған қазақтың текті Сіздер сияқты қыздары ғана ұлттық құндылықтарды қастерлеп, адалдық, ар-намыс, ізгілік қасиеттерді бойына жинақтары сөзсіз.

Қазақ халқында жеке адамның азамат боп қалыптасуында, қоғамның сүттей ұйып, берекелі ғұмыр кешуінде және сол қоғамның адами қағидаларды берік ұстана отырып дамуында елдің қариялары мен ақ жаулықты әжелерінің рөлі зор болған. Ауыл аймақтың ірілі-ұсақты мәселелері қашанда ушықпай тұрып ауыл ақсақалдарының қолымен шешілетін. Ал ақ жаулықты әжелеріміз абысын-ажын, келін-кепшік қала берді бойжеткен қыздардың барлығының қысылғанда жүгінетін ақылшысы, билік айтар төрешісі боп, қоғамның дұрыс дамуына жағдай жасайтын үлкен тәрбие мектебін қалыптастырған.

Қазақы тәрбие мен дін Исламның құндылықтарынан қатар сусындататын осындай қарттарымыздың өнегелі тәрбие мектебін «ата-әже» институты десек қате айтпаған болармыз. Қазақта жас жұбайлар тұңғышын «кемпір-шалдың баласы» деп өздерін оған аға-жеңге есептеп, баланы ата-әжелеріне беретіні бар. Тіпті ақылды келіндер «тапқан-таянғанын балаларыма ұсынып отырар» деп баласын енесіне де емізіп, «сүт ана» атандырып бауырына бастырған. Қазақ бұл дәстүрінен ұтпаса ұтылған емес. Ата-әже оларға өмірде көрген, білгенінің бәрін ақтарып, болашақта қазақы да иманды азамат болуына оң ықпал жасайды.

Рас, біз таза қазақы қоғамды көрмедік, бірақ ата-әжелеріміз өздері көрген сол бір қазақы тіршіліктің қыр-сырын бізге түсіндіріп үйретсе екен деген мақсатпен № 26 мектеп-балабақша директоры Тұрсынова Сауле Нұрғалиқызының ұсынысымен бастауыш сынып мұғалімлердің Жукенова Болдырған Гомарқызы, Кулакпаева Еңлік Абутәліпқызы, Какимова Молдир Каиркельдиевна, Саткенова Ботакөз Хамитқызы, Шаукерова Бахыт Набиқызы, Шахметова Бағытжан Сейілбекқызы, Суфиянова Венера Абдрахманқызы қолдауымен оқу ісінің меңгерушісі Абишева Дариға Оразайқызы, мектеп психологы Аблаева Назгүл Еркінқызы «Әжелер мектебін» ұйымдастырып «Ата-бабаларымыздың даналығы - отбасылық дәстүрде» атты кездесу өткізді. Ата-әжелердің тәрбиесін көріп өскен бала қазіргі қоғамға кері әсерін тигізеді деп ойламаймыз, сондықтан да, біздің оқушылардың әжелерімен біраз жұмыс жасап, олардың көз қарастарын біле отыра осы жұмысты бастауға ақ жаулықтағы әжелердің көмегіне жүгіндік, олар біздің ұжымның бастамасын қуана қолдап, осы жұмысты жаңғыртуға көмектерін аямады. «Әжелер мектебі» тәрбиелік мектеп болып, бізге ұлттық тәрбиені және сол ұлттық тәрбиенің түпкі бастауы болған дәстүрлі қазақ халқының құндылықтарымен таныстырып, өздерінің ақыл-кеңестерін беріп, болашақтағы ұлт азаматы ретіндегі ұстанымымыздың қандай болуы керектігіне бағыт-бағдар көрсетіп берген еді.

Арасында әжелердің әңгімелеріне құлақ асып, сусына тыңдап отырдық. Кешқұрым бәріміз отбасымызда түгел майшамның жанына жиналғанда атамыз домбыра шертіп, әжеміз болса біздерге ескі кітаптардағы баталарды және қазақ билерінің шешендік сөздерін оқып отыратын сол бір күндер санамызда тәтті естелігімен мәңгіге өшпестей боп қалды. Енді міне үлкен өмірге қанат қаққан сәтте сол шуақты күндерді сағынышпен еске аламыз.

Ағбай атамыз әжелер мектебінде істеген істерге қуанышпен қарап, домбыра шертіп, ән шырқап, өзінің батасын берді. Негізі бата бір адамның өзгелерге ризалығы ретінде тілеген дұға, тілегі. Қазақта қол жайып бата беруді балаларға жастайынан үйретеді. Баталар «ас қайыру батасы», «жастарға берілетін бата», «үй иесіне берілетін бата» т.б болып бөлінеді.



Әжелер мектебінде қыздарға тәлім-тәрбие беріп, білім ордасында тұлға болып қалыптасып, бүгінгі қазақ аруы, ертеңгі жар, аяулы ана, ардақты әже атануда ең алдымен тәлім мен тәрбие қажет деп есептейді. Қыз тәрбиесі, бұл – ұрпақ тәрбиесі.

Осы жауапкершілікті үнемі сезініп жүруге тиіс екендерін ұғындыру әжелер мектебінің басты ұстанымы. «Қыздары мықты болмай, қоғам мықты болмайды» деген екен қазақ, сондықтан да, біздің «Ең басты мақсатымыз – қазақ қыздарының тәрбиесіне көбірек көңіл бөлу. Қазақ қыздарына ұлттық тәрбиеден дәріс беру. Қазір өсіп келе жатқан ұрпақ өзінің ұлтының ертеңгі болашағы екенін білсін дейміз. Уақыт өзгереді, келесі ғасырдың адамы да, көзқарасы да бөлек болады. Дүниенің дөңгеленгені сияқты, адам қоғамды бір орында ұстап тұра алмайды. Мысалы, ғасыр бөлек болса, бола берсін, әр гүлдің өзінің топырағында өсетін тамыры болуы керек. Әр ағаштың өз топырағынан алатын нәрі болуы керек. «Мына ғасыр бөлек екен» деп, тамырсыз гүл сияқты солып өте шығуға болмайды. Сондықтан әжелер тамырынан, ғасырлар қойнауынан, өзінің қаныңнан тәрбиенің негізін алып, сол жолда жүрсен, өмірің бекер өтпейді. Қазақ баласының ұлттық тәрбиесін ұмытуға болмайды. Біз қай қоғамда өмір сүрсек те, басқа ұлт өзінің түрімен, тілімен танылып тұрса, кең даланың ұрпағы да өзінше танылуға тиісті. Біз қазақ даласының өзіндік дәстүрін сақтауымыз керек. Басқа жерге барғанда «Мынау қазақ қызы» деп ерекшеленіп тұрса, қандай жақсы. Қазақ қызы деген өзгеге ұқсамайтын дала мінезімен ерекшеленуі керек. Одан парасат пен ақыл үйренсе артық па екен? Бүкіл далаға, ұлтқа ана болатын қыз тәрбиесі опонай қарайтын нәрсе емес. Біздің қазіргі қыздарға ұлттық тәрбие ерекше қажет кезең. Ол алдымен ұлттық намыстан бастау алады.

Әжелер мектебінде үш дөңгелек үстел жұмыс жасады. Шитканова Күлзара Асқарқызы әжеміз, Тлеулина Гуляим Шамильқызы ұстазымыз қыздарды алаша тоқу



әдісімен таныстырып, тоқуға мүмкіндік беріп, тарихына шолу жасап, ол не үшін қажет екенін түсіндіріп бар білгенін айтуға тырысып, қыздарға жіп иіруге, ол жіпті әр түрлі әдемі түстерге бояуға үйретті, қыздарымызды қызықтыра білді. Алаша – жүн немесе мақта жіптерден тоқылған тұрмыстық тұтыну бұйымы. Қолданылатын жіптері иесінің талғамына сәйкес тиісті бояулармен боялады. Негізінен төсеніш ретінде қолданылады.

Алаша қарапайым тоқыма станогы – өрмекпен тоқылады. Бүктеуге, жинауға ыңғайлы күрделі композициясы ісмерден үлкен шеберлікті, мол тәжірибені, көркемдік-шығармашылық талғампаздықты талап етеді. «Кілемге бергісіз алаша бар, Ханға бергісіз қараша бар» деген сөз орамы алаша бұйымдарының кейде, өзінің эстетикалық және композициялық шешімі жағынан кілем бұйымдарынан да артық бағаланғандығын аңғартады. Кездесу барысында қыздарымыз біліп, түсініп,



үйренгендерін айтып беруге тырысты. Өздері әжелермен бірігіп тоқыған алашасыда әдемі болып тоқылғандарын көрдік.

Екіншісі, қыздарға төр көрпе, шай көрпе не үшін қажет екенін түсіндіріп, оны қандай матадан тіккен дұрыс, қандай оюды пайдаланған жөн екенін түсіндіріп, тоғыз төбе өрнегін пайдаланып шай көрпелерін үлкен қызығушылық танытып үйреніп тігіп жұмыстарын көрсете білді.



Мусина Шахзада Сүлейменқызы әжеміз, үшінші дөңгелек үстелдің қатысушылары қазағымыздың тойдың сәні де, мәні де дорба мен қалта деп, қошқар мүйіз өрнегін қолданып әдемі дорбаларын тігіп көрсетті. Жұмыс барысында әжелер қандай тойға қандай дорба апарған жөн екенін, оны кім апаратыны жайлы білгендерін айтып отырды.



Әжелер мектебі арнайы құрылған киіз үй ішінде, бір шаңырақ аясында өтті, әжелер, аналар мектебіміздің ұстаздары, қыздары, істерін тігіп, естеріне жақсы әндер түсіріп, әндетіп отырды. Шіркін ай десеңші, барша қатысқан адамдардың көңілдері көкке жетіп, бір марқайып қалды. Әжелерімізге дән риза болып алғысымызды білдіріп, бауырсағымыздың иісін шығарып, шәй ішіп, арнайы дорба таратылып, әжелердің

баталарына ие болдық.

Ұлттық тәрбиені ұрпақтан ұрпаққа жалғастыру мақсатында әжелер, аналар, мектеп, ұжымы бастаған жұмысын жалғастыруды жөн деп есептеп, Өзін-өзі тану пәні: «Махаббат және шығармашылық алаңы» атты он күндігіне арналған екінші кездесуін жетінші ақпанның жұлдызында «Алтын жүрек әжеміз» атты, Әжелер мектебі өтті. Ақ жаулықты әжелер жүрсе, құт болғаны халайық, есік ашып, шашу шашып, ел болып қарсы алайық дей отыра Кулакпаева Еңлік Абутәліпқызы ұстазымыз қазақ дәстүрінің шашуымен



тойымызды бастады. Мектеп Басшысы Тұрсынова Сауле Нұрғалиқызы жұмысымызға сәттілік тілеп, әжелерімізге алғысын білдірді. Әжелерге арнайы алғыстарын айтуда қыздарымыздың музыка пәнінің мұғалімі Аблаева Назгүл Еркінқызының дайындауымен "Мен әжемді жақсы көремін" атты әнін шырқады.

Алғашқы кездесуде, әжелер қыздарға іс тігуді үйретсе, екінші кездесуде қазақтың ұлттық тағамдарын әзірледуді үйретті, қатысқан қыздарымыз бауырсақ, бәрәміш, құймақ жасау тәсілдерін біліп, өздері нан ысып, құймақ құйып, бауырсақ пісіріп, үйренді. Нонағова Бақыт Айтжанқызы, Жусупова Айсулу Жүрсінқызы, Игенова Халия Мәнәпқызы, әжейлер бар білгендерін ортаға салып қыздарды үйретуге барынша күштерін салды. Әзірлеген тағамдары өте дәмді болып шықты, қатысушылардың көңілдері көтеріңкі болып, дәмді бауырсақпен, тәтті құймақпен, қою шай ішіп ән айтып, әжелер баталарын беріп, келген қонақ риза болып үйлеріне тарады.

